

"Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 3-3/331 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 11 наурыздағы № 104 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 15 сәуірде № 13600 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

«Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 маусымдағы № 3-3/331 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9643 болып тіркелген, 2014 жылғы 23 желтоқсанда «Егемен Қазақстан» газетінің № 249 (28472) санында жарияланған) мынадай өзгерістер е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықтың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларын б е к і т у т у р а л ы » ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидалары б е к і т і л с і н . » ;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасында пайдалануға рұқсат етілген, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларында :

көрсетілген қағиданың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидалары»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидалары (

бұдан әрі – Қағидалар) «Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» 1998 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 13-бабы 7-1) тармақшасына сәйкес әзірленді және мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу тәртібін айқындайды.»;

2-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі (бұдан әрі – Мемтізілім) – өндірісте шаруашылық пайдалануға ұсынылатын тұқымдарды қамтитын селекциялық жетістіктерінің тізілімі;»;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мемтізілімге селекциялық жетістіктеріне мемлекеттік сынақ өткізу нәтижесі бойынша тұқым стандартына сәйкес келетін шаруашылыққа пайдалы және ауыл шаруашылығы өндірісінде ұсынылған ауыл шаруашылығы малдары тұқымдарының барлық санаттары – ішкі тұқымаралық (аймақтық) және зауыттық типтері, зауыттық желілері мен құстардың кросстары, желілері енгізіледі.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Мемтізілім осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мынадай деректерді көрсете отырып жүргізіледі:

1) ауыл шаруашылығы малының өнімділік бағыттары бойынша түр атауы мен тұқымдары және Мемтізілімге мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктерін қосқан жылы (ұсынған жылы);

2) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес Мемтізілімдегі әкімшілік облыстардың р е т т і к н ө м і р л е р і ;

3) осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын мал шаруашылығындағы селекциялық жетістіктер оригинаторларының р е т т і к н ө м і р л е р і . » ;

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н ;

2 - қ о с ы м ш а с ы н д а :

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімін жүргізу қағидаларына 2-қосымша»;

кестенің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізіліміндегі әкімшілік

облыстардың реттік нөмірлері»;

3 - қосымшасында:

оң жақтағы жоғарғы бұрыш мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасында пайдалануға
ұсынылатын мал шаруашылығы
саласындағы селекциялық
жетістіктердің мемлекеттік тізілімін
жүргізу қағидаларына
3-қосымша»;

кестенің тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы
саласындағы селекциялық жетістіктер оригиналдарының реттік нөмірлері».

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Мал шаруашылығы
өнімдерін өндіру және қайта өңдеу департаменті заңнамада белгілінген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік
тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа
басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға,
сондай-ақ бес жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық
актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін «Республикалық құқықтық ақпарат
орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің
ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында
орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен
соң қолданысқа енгізіледі, бірақ 2016 жылғы 2 маусымнан ерте қолданысқа
енгізілмейді.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі А. Мамытбеков

« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрінің
міндетін атқарушы _____ М. Құсайынов

2016 жылғы 18 наурыз

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің

2016 жылғы 11 наурыздағы
 № 104 бұйрығына
 қосымша
 Қазақстан Республикасында пайдалануға
 ұсынылатын, мал шаруашылығы
 саласындағы селекциялық
 жетістіктердің мемлекеттік тізілімін
 жүргізу қағидаларына
 1-қосымша
 Нысан

20__ жылы Қазақстан Республикасында пайдалануға ұсынылатын, мал шаруашылығы саласындағы селекциялық жетістіктердің мемлекеттік тізілімі (ауыл шаруашылығы жануарлары тұқымдарының санаттары)

№	Пайдалануға ұсынылатын, ауыл шаруашылығы малдарының түрі мен тұқымдарының атауы	Ұсынылған жылы	Ұсыныс берген облыстардың реттік нөмірлері	Оригинатордың реттік нөмірі
1	2	3	4	5